

Көкшетау қаласында автомобиль радиаторларын өндіретін Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 4 қазан 1993 ж. N 982

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Автомобиль жасау және автомобиль жөндеу өндірісі жөніндегі "Желдірме" мемлекеттік холдинг компаниясының, Көкшетау облысы әкімінің Көкшетау қаласында "Бірлік" акционерлік қоғамының базасында Шадринск "Автоагрегат" акционерлік қоғамымен (Ресей Федерациясы) бірге жылына 30 мың автомобиль радиаторын өндіретін кәсіпорын құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі және Қаржы министрлігі "Желдірме" мемлекеттік холдинг компаниясының ұсынуы бойынша 1994-1995 жылдары республикада автомобиль радиаторлары өндірісін ұйымдастыру үшін қаражат бөлінуін көздейтін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясы жыл сайын "Бірлік" акционерлік қоғамы мен Шадринск "Автоагрегат" акционерлік қоғамына (Ресей Федерациясы) автомобиль радиаторларының есепті шығарылымына арнап, жез бен мыс прокатының қажетті мөлшерін бөліп тұруды қарастырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі